

Λ 2006


6025к



Қазақ
прозасы
Казынасынан

Бердібек
СОҚПАҚБАЕВ

**Далалық шаққа
саяхат**



RARITY
PUBLISHING
COMPANY Ltd

Бердібек Соқпақбаев


Далалық шаққы саяхат

Хикаяттар

**Алматы
«Раритет»
2005**



ПОУЧЕНИЯ МАРХИ СУХОГО






Казак
прозасы
казынасынан

Бердібек
СОҚПАҚБАЕВ

Джаялық шаққа саяхат

Хикаяттар



PUBLISHING
COMPANY Ltd

ББК 84Қаз7-4

C63

**Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және
спорт министрлігі**

**Ақпарат және мұрағат комитеті
бағдарламасы бойынша шығарылды**

Серия 2002 жылдан бастап шығарылып келеді

Серияның негізін салған *З. Серікқалиұлы*
Көркем безендірмесі негізін салған *А. Тіленшиев*

Сокпақбаев Б.

C63 Балалық шаққа саяхат: Хикаяттар. — Алматы:
Раритет, 2005. — 320 бет. — «Алтын қор» кітапханасы.

ISBN 9965-663-88-2

Аса корнекті қаламгер Бердібек Сокпақбаевтың қай шығармасына үнілсөніз де, адам болсам деген үлкен арманы бар, асқар таудай биік мақсат-мұраты бар балғын кейіпкерлердің тағдыр талқысында талай киыншылықтарды бастан кешіп барып есейіп-ер жеткен, шындалып-қалыптасқан қайсарлығына тәнті боламыз.

Ұсынылып отырған кітап атын иеленген хикаятта жетім баланың жетілу жолы, мінез-құлқының қалыптасуы, арман-тілегі суреттелген. Ал әйгілі «Менің атым Қожа» туындысы өр қазақ оқырманына жақсы таныс деп ойлаймыз.

ББК 84Қаз7-4

**C 4803250101—18
413(05)—05**

ISBN 9965-663-88-2

© «Раритет» БК, 2005
© Безәндірген Святослав Ким, 2005

МҰНДЫҚ ДАРЫН – ҚАЙСАР ФҰМЫР (Алғы сөз орнына)

ХХ гасырдагы гажайып рухани құбылыстарымыз көшіне көз жүгіртсек, қазақ топырагындағы қайран да қайран Ахмет Байтұрсынов пен Тұrap Рысқұлов бастаған эллиндік галамат тұлғалар; ұлы Мұхтар Әуезов бастаған алыптар; Қасым Аманжолов, Тәкен Әлімқұлов, Жұбан Молдагалиев, Сырбай Мәуленов, Бердібек Соқпақбаев, Хамит Ергалиев, Тоқаш Бердияров, Куандық Шаңғытбаев, Қалтай Мұхамеджанов секілді классиктер — шоң серкелер; сондай-ақ бұлардың соңынан ілескен Мұқагали Мақатаев, Жұмекен Нәжімединов, Асқар Сулейменов, Зейнолла Серікқалиев, Төлеген Айбергенов, Оспанхан Әубебіров, Саги Жиенбаев тәрізді жаңа классиктер — жас перілер өздерінің небір айтұлы туындыларымен, әрқайсысы қадау-қадау сирек болмыстарымен көз алдымызға келе қалады да, мұхиттай шалқып-толқып тебіреніп жататын әдебиетіміздің классикалық шырайы мен шыңдарын, қоры мен шеңберлерін мейлінше түрлентіп, мейлінше байтып, мейлінше кеңейтіп, мейлінше толықтырып, мейлінше асқақтатып шыга келетініне пенде болып та, оқырман болып та, сыншы болып та сүйсінбеуіңіз әсте мумкін емес.

Бұлардың шыгармашылық бақыты сол, әрқайсысының ешкімге үқсамайтын, тек бір гана өздеріне тән мың құлтыратын дербес көркемдік әлемінің барлығында. Оның үстіне, осынау таланттар әлемінің тәуелсіз әдебиетіміздегі ұлттық та, жалпыадамзаттық та сұлулықты паш ете білуінде, үрпақтар рухы мен санасындағы, тегі мен тәрбиесіндегі өзінің халықшыл мұраты мен миссиясын сол сонау кездегі — жарыққа алғаш шыққан сәтіндегі гажайып көркемдік узының жоғалтпаган қалпында шын атқарып, шын дарытып келе жатқанында болса керек.

Мұның өміршешің бір көрінісіне, тылсым бір жүмбагына дәлел ретінде қазақ әдебиетінің, әсіресе қазақ прозасының классигі —

шоң серкесі Бердібек Соқпақбаевтың шыгармашылық жолы мен мұрасын айтар едік. Ендігі қысқа қайырым сөзді осы төңіректен өрбітін көрейік.

Кең-байтақ, еліміздегі жер жәннаты саналатын Жетісү өңірінде — Хантәнірінің баурайында дүниеге келу, меніше, Бердібек Соқпақбаев үшін зор бақыт, құт бақыт болды. Өйткені ол осынау табигаты сұлу да көркем өлкенің, — бұл арада Жаратушының өзін де таңғажайып жасампаздықпен әрі жомарт, әрі ұлы суреткер болып кеткен демеске шараң жоқ, — тек бір перзенті гана болып шектелмегенін, қайта, керісінше, гажайып бір суреткери, халқының аса бір сүйіп оқитын бәсіре классигі ретінде ел тарихында, руханият шежіресінде өз орнына лайықты көтеріліп, заңды ие болғанын мақтаныш етуіміздің артықшылығы жоқ деп білеміз. Бұган Бердібек Соқпақбаевтың «Жекпе-жек», «Алыстагы ауылда», «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Қайдасың, Гауһар» атты хикаяттары мен «Өлгендер қайтып келмейді» романын айтсақ та жеткілікті. Өйткені оқырмандардың сүйіспенішілігіне боленгені сонша, оқтЫн-оқтЫн бұл туындылардың әрқайсысы, тіпті, автордың көзі тірісінде де бірнеше рет қайта басылымга ие болған. Әлемнің бірнеше тілдеріне аударылған. Жекелеген күйінде де, таңдамалы туындылар топтамасында да сан рет басылып, талай-талай оқырман ұрпақтар мен буындардың ыстық ықыласына ие болғаны жүртшылыққа кеңінен мәлім жәйттер.

Бердібек Соқпақбаев (1924—1992) өмір кешкен кезең тарихында сәулелі шақтардың аз да, ылғи түнегі мен тығырығы мол, қасіреттақсыреті ылғи шаш етектен (колхоздастыру тұсындағы шолақ белсенділік, ыңыршагы шыққан ашаршылық, үрейі зәрлі жау табу науқанышылдығы, согыс жылдарындағы көтерем ауылдың өлермен тіршілік-тірмізігі, согыстан кейінгі тұралаган тұрмысты қалпына келтіру, елуінші жылдардагы ұранышылдық пен ақпарышылдық, жоспарышылдық, пен көзбояушылық, тогышарлық, пен әкімшілдік және тагысын-тагылар тәрізді маскаларды, переделерді, қитұрқылықтарды шебер бүркемеленіп келетін) әлеуметтік өмір шындықтарының небір келеңсіздіктегі сол сірепсен күйінде әлі бәз-баяыша сірепсін, арпалысып жатқаны ешкімге таңсық емес еді.

Міне, осында өмір шындықтарын мейлінше қоспасыз, мейлінше аяусыз түрде жазу, көркем бейнелеу сол тұста әрі саяси, әрі рухани идеология талаптарына мүлде сай келмейтін еді. Солай бола тұра, батыра жазу, ашындыра жазу, өмірден түңілте отырып жазу кез келген талантты қаламгердің қайсарлығын, күрескерлігін айрықша қажсет ететін еді. Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Қайдасың, Гауһар» атты туындыларының өз кезіндегі әдебиеттің әрі саяси, әрі рухани платфор-

масына — омірдегі әлеуметтік-қогамдық тіршіліктің күнгей жақтарын мейлінше жалтыратып, мейлінше әсірелеп, мейлінше боямалап, кеңестік жұмақтың мейлінше мамыражай, мейлінше тар-тыссыз орнаганын, сойтіп, социалистік құрылымның — жаңа қогамның әлеуметтік озық қасиеттерін алақайлаташып-дуылдатып, лепірте ұрандатып — лепірте аспандатып көрсету мақсатына үш қайнаса сорпасы қосылмайтын. Қогам тіршілігіндегі белшемізден батып, жиіркенішті орын алғып отырган өмірлік шындықтарға, соган табан тірейтін, содан қуат алатын көркемдік шындықтарға адал болу — шын мәніндегі талант иелерінің баршасына тән болғаны әдебиет тарихынан мәлім. Алайда мұның қаншалықты рухани құр-респен — рухани сезім, рухани ой табандылығымен, суреткерлердің азаматтық та, қаламгерлік те, әрі арлы, әрі қажырлы позицияла-рының арқасында жүзеге асқанына көз жеткізу еш қын емес.

Сондықтан шыгар, «Менің атым Қожа» хикаятндағы оқушы Қожсаның бойындағы жүйрік қиялдардың ой ойлап, іс-әрекеттер жасау жосындағы адам баласының жас мөлшеріне лайық бірде да-налықпен, бірде шалалықпен, бірде қызыгуышлықпен, бірде тапқыр қулықпен, бірде бейгам аңғалдықпен туыстасып, көбіне әттеген-айлармен, көбіне шалдуарлықпен, көбіне шалагай оғаштықпен, одагай іс-әрекеттермен ұласып кететінін қайтерсіц. Мұндайда озат оқушы Қожа, озат пионер Қожа, журналист-жазушы болуга құштар арманышыл Қожа өзі көріп-бліп, өзі арапасып жүрген өмір шындықтарымен неліктен үйлесім таптай жүргеніне таң?! Неге үлай? Неге басқаша? Сол кезең тұсындағы өзімен тақырыптас келіп, соның жоралғысына жараган басқа туындылардандағы өмір шындығының түк қайышлықсыз, түк керегарлықсыз, түк талас-тартыссыз (көбіне жеңіл-желлі, тиіт-қашты, болар-болмас, тым жалаң, тым жадағай, тым идеяшыл, тым ұнамды, тым күрескер, тым кемшіліксіз көріністер төңірегінде), кейде жасанды сироп қос-қан, кейде су қосқан шалап шыгармалар өүеніне — шыгармалар хорына мынау Қожсаның өміртаным, адамтану, қогамтану жо-лындағы адасулары, әрине, әуелден-ақ жат көрініп, үркітіп-шо-шынтып жіберетіні рас еді.

Жазушының кәдімгі өмір шындығына осыншама адал да берік болғандығын Қожсаның образ ретіндегі, бала ретіндегі, көркем ха-рактер ретіндегі пішиң-порымының, әдіпперінің тосын екендігі, қалыптасу үстіндегі, яғни өтпелі жас мөлшеріндегі, психология-лық өзгеріс кезеңіндегі жасаспірім болмысындағы, шешуші әрекет-тердегі көркем шындығының жаңаалығы мейлінше тың әрі жаңаша еді, мейлінше ірі еді, мейлінше тапқыр еді, мейлінше сүйкімді еді, мейлінше қайсар еді, мейлінше алғыр еді, мейлінше шуақты да нұрлы еді. Өйткені Бердібек Соқпақбаев суреткерлік ішкі түйсігімен де,

қогамдық құблыстар ағымындағы жылымықтың (1956 жылғы КПСС-тің XX съезінің шешім-ықпалы) мүмкіндік тудырган кеңшілігіне де саяси қозқарас алғырылығымен әрі жүйріктігімен Қожа бейнесінің осындағы күрделілігін, сойте тұра сондай бір қарапайым тартымдылығын тамырышыдай тап басып суреттеген еді. Сондықтан суреткердің бұл ерлігі өлі де болса қоңе сүрлеудің аясында салмарқау дамып, әлі де болса әдебиеттегі схематизм мен штамп шылдық, жылтыратта әсірелеу мен жалған тартысшылдық дерпттерінен арыла алмай отырган қазақ әдеби процесінен қолдау таппай, ең әуелі орысша күйінде Мәскеуде (1956) жарық қөріп, іле-шала жер-жаһанды шарлап барып, туган топырагындағы өз оқырмандарының қолына 1959 жылы гана тиеді. Жиyrма шақты тілге аударылады. Кейіннен «Мениң атым Қожа» атты фильм де түсіріледі. Кинорежиссер Абдолла Қарсақбаев түсірген бұл фильм талай-талай халықаралық кинофорумдар мен кинофестивальдардың әр алуан жүлдөлөріне ие болады, қазақ киносының алтын қорындағы бір туынды ретінде қазірде де экрандардан көрсетілүмен келеді.

Бердібек Соқпақбаев өзінің суреткерлік эстетикасында — өмір шындығына және өнер шындығына, екеуінің үнемі бір өрімде — өздеріне тән гана сегменттердің (құрылымдық тегі мен түзіліміндегі тене-тендіктер) паритеті әрі раритеті қатаң саталынуына айрықша және өте-мәте мән берген. Суреткердің қай шыгармасын оқысаңыз да, не сюжетті, не оқиғаны, не ситуацияны, не образды жасанды түрде күшейту, жасанды түрде асқындыру, жасанды түрде әлсірету, жасанды түрде шектей салу жоқ. Өмірдегі шын жәйттерді жадағай да жалаң түрде ширату не тарқату және жоқ.

«Мениң атым Қожа» хикаятындағы қаламгерлік осы машық «Балалық шаққа саяхат» (1960), «Кайдасың, Гауһар» (1966) хикаяттарында да, «Өлгендер қайтып келмейді» (1967—1974) романында да көшелі өрнек тауып, өзінің қаламгерлік өрісінің құнартылығына, шүйгіндігіне, дербес көрінісіне кім-кімнің болсын көзін жеткізе түседі.

Үш дәптерден тұратын «Өлгендер қайтып келмейді» романы «Балалық шаққа саяхат» хикаятының заңды жалгасы. «Балалық шаққа саяхатта» — кейіпкер автордың өзі — Бердібектің онжылдықты бітірген кезеңін қамтыса, «Өлгендер қайтып келмейді» романы кейіпкер — болашақ жазушы Еркін Мамырбаевтың 1938—1958 жылдардағы өмірін суреттейді.

«Балалық шаққа саяхат» хикаятында 1920—1930 жылдардағы ел өмірінің шындығы Алатаудың бір түпкіріндегі қазақ ауылының басынан кешкен жағдаяттар арқылы көрсетіледі. Жазушы қаламының аңы шындығы мейлінше нағымды, мейлінше аянышты,

мейлінше нақты, мейлінше қарпайым көрініс тауып, ой-сезіміңді баурап, билеп алады. Бала қозімен көрінетін, суреттегетін ауыл тіршілігі, ауыл түрмисы, өмір шындықтары қылаусыз құдіретімен, өксіген шер-шеменімен жасынча батады, қоспасыз қалпымен, яғни жазушы Сейдахмет Бердікұловтың қанатты тұжырымына негіз болған «Өтірігі жек өмірмен» мықтап қауышасыз. Нысанадагы ондықта тиғендей дәлдікпен әрі тұра, әрі нақты, әрі көркем түрде айтылған «Өтірігі жек өмірмен» қауышқан кезде, кешегі кеңестік дәуірдің небір келенсіз, небір қолеңкелі шындықтарын суреткерлік қысқалықпен, суреткерлік сергектікпен, суреткерлік қапысыз дәлдікпен — көзбен көріп, қолмен ұстагандай күйде бейнелегендіктен де, соның қақ ортасында дәл өзің жүргендей сезінетінің бар.

Бала Бердібектің көрген-түйгенін, білген-сезгенін, бірте-бірте бастан кешіп, тоқыған үстіне тоқи түскенін үш дәптерден тұратын романда енді Еркін Мамырбаев жалғастырады. Сүт бетіндегі қаймаққа қол жеткізбек түгілі, ең әуелім өмір-тәгдір атты жалған дүниенің үзілмес-түгесілмес сапары үстінде қазан түбіндегі қастаққа қол жеткізуідің қындығын бір кісідей басынан кешкен Еркін Мамырбаев талай өткелектерден өтеді. ФЗО-га аттанған, жолшыбай түрменің азабы мен ашторғай дәмін татқан, әйттеуір міндет-мұрат пен арман-қиял жүгін орта жолда, талай-талай тар жол, тайгақ кешуде аударып алмай студент аттанған, кейіннен жогары оқу орнында талантты жасас ақын, соынан жасас мұғалім болған, өлеңдері мен әңгімелері баспасөз бетінде жарық көрген, кітаптары шыққан, сөйтіп, мүшелік билетке ие болып, қаламгер аттыны, шыгармашылық әр алуан ортада қызмет еткен Еркін Мамырбаевтың тіршілігі өзінің өмірдеректері мен өміртанымдарын қатар-қабат алғып жүрген тұлғасымен оқырманын қызықтыра тартып ала жөнеледі. Кез келген шыгармашылық іесінің әрі түрмистық, әрі өмірлік, әрі өмірбаяндық тұргыдан бастан кешкендері өзінің қарапайым шындығымен, іргетасының нықтығымен етене жақын әрі ашақ сырласуга, өзара пікір алысуга, деңгей салыстыруға жетелей жөнелетіні романның көркемдік құдіретін арттыра түскен деп білеміз.

«Мениң атым Кожа», «Балалық шаққа саяхат», «Алыстагы ауылда», «Жекпе-жек», «Қайдасың, Гауһар» хикаяттары мен «Өлгендер қайтып келмейді» романын оқығанда, кешегі кеңестік дәуірдегі — кеңестік қогамдагы партиялық саяси ұстанымдарын, әлеуметтік-идеологиялық ұстындардың көбінесе тек сөз жүзінде, тек жоспар жүзінде орындалынып, ал нақты өмірде — нақты тіршілікте сөз беріп істіп бір түйін өзегіне айналмағаны жасына батумен болғанын автор жасырмаганына, жауырды жаба тоқымаганына тәнні боламыз.

Өйткені әлеуметтік-қогамдық үйлесімсіздіктердің баршасы қаламгер көкірегінде қордаланған тұста, Бердібек Соқпақбаевтың орыстың ұлы ақыны Федор Тютчевтің: «Все во мне, и я во всем» немесе «Нет дня, чтобы душа не ныла» тәрізді жолдарын талай-талай рет іштей қайталағаны бар. Солай бола тұра, француздың ұлы ақыны Шарль Бодлердің: «... и страдаю я только от самого себя» дейтін қанаттың жолын өзіне бойтұмарша санап, қажығаның қайрай түсіп, шыңдай түсіп, соның өмірлік ақиқатына ден қойып, қанагат тұтқаны да көміл.

«Аш құлақтан — тыныш құлақ» деп шындықтың жүзінен, шынның жүзінен таймаган, айнымаган. Селжос, бейжай қарауга азаматтық та, қаламгерлік те ары төзбеген, дәті шыдамаган. Қайта керісінше, қаламгерлік қандауырымен әлеумет пен қогам өмірінде барған сайын күбірткеге, метастазага айналып бара жатқан әкімшілік мешіндегі, әкімшілік әгоизміді, әкімшілік ауыз жаласуды, сыйбайластықты, нарақор-жемқорлықты, белден басып, тізеге салушылықты аяусыз сылып тастауга ұмтылған. Соган жүртіштылықтың, әлеуметтің, қогамның көзін жеткізуге қаламгерлік барын салған, сарқа күш-қайрат жүзмасаган. Сөйтіп жүріп, осы күрестің жеңісі мен жемісі үшін мұңлық дарынын — қайсаρ ғұмырын арнаган Бердібек Соқпақбаевтың пешенесіне, сөз жоқ, қазақ әдебиетінің, қазақ прозасының XX гасырдағы классигі болу бақыты бүйірган еді.

Расында да, Бердібек Соқпақбаев өз заманында шыгармашылық жолы үстінде мұңлық дарынымен қайсаρ ғұмыр кешкен, әдебиетте де, өмірде де мейлінше оқшау, мейлінше түйік, мейлінше саяқтау жүрген классиктер қатарында-санатында болды. Өйткені бұган оның еншісіндегі қогамы да, қаламгерлік болмысы да тікелей итермелегені, тікелей мәжсүр еткені шындық еді.

Расында да, XX гасырдағы қазақ әдебиетінің, әсіресе қазақ прозасы классиктерінің бірі болып табылатын Бердібек Соқпақбаев өз дәуірінде бірде төтеннен тау қопараплық, бірде төтеннен теңіз тулатарлық, бірде төтеннен жер сілкінтерлік әрі әлеуметтік, әрі көркемдік өксігін өз жүргегінде тыншықтырган, тұншықтырган мұңлық дарынымен, шерлі әүенімен, шынайы сыршылдығымен шерткен, сонысымен өмірде де, әдебиетте де мейлінше оқшау, мейлінше түйік, мейлінше саяқтау жүргені шындық еді. Бұган кезінде оның еншісіндегі қогамы да, қаламгерлік болмысы да итермелегені, мәжсүр еткені шындық еді.

Енді бүгін тәуелсіз еліміздің жаңа буын үрпақтары қазақ әдебиетінің алтын қорындағы асыл дүниелермен қайта қауышатыны және мұның ғұмыры ұзаққа созылатыны, жаңа бір дәуірлермен жалғасын табатыны күмәнсіз.

Сайлаубек ЖҰМАБЕК

БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА САЯХАТ

ЖАЙЛАУ

ҮЗІК-ҮЗІК СУРЕТТЕР

Жаз. Жайлау. Шұбала қонған киіз үйлер. Қанаттас бір ауылға апам мені жетелеп, қызырыстап келген. Үштөрт әйел үйде шай ішіп әңгімелесіп отыр да, мен сыртта асық ойнаған балалардың қасында қызықтап қарап тұрмын.

Ересектеу баланың бірі кенет иығымнан жұлқып қалды:

— Эне, сені тастап, шешен қетіп бара жатыр!

Ауылдың ортасын қақ жарып, тарам-тарам соқпақ жол өтеді. Сол жолмен түйеге мінгескен екі әйел соқтырып қетіп барады. Екеуі де кимешек киген. Артындағысы аумаган менің шешем. Мені бөтен ауылда қалдырып, жәнеп барады.

Мен шешемнен өлмей қалармын.

— Апа! Апа! — деп артынан қуып бердім. Құлындағы дауысым Құдайға жетіп, бақырып жүгріп келем. Аяулы шешемнің маған бұрылып қарағысы да келмейді.

— Апа! Апа!

Бақырудан өңешім жыртыла жаздайды. Жол шетіндегі үйлердің адамдары бәрі маған қарап қалған. Тек шешем гана қарамайды. Ұзын аяқтарымен тайрандай желген жүрдек түйе оңайлықпен жеткізбейді.

Бір әйел көлденеңнен дауыстап:

— Эй, қатын, балаң жылап келеді! — деді.

Шешем енді ғана маған жалт бұрылып қарады. Сойтсем, шешем деп жылап келе жатқан адамым мұлдем бөтен... Алдындағысы да мен танымайтын басқа әйел.

Өз шешем сол өлгі шай ішкен үйде отыр.

Уақыттың көбін су бойында өткіземіз. Су бойында ойнаймыз. Міне, енді қалжырап үйге қайтып келем, карнымда тұқ қалмаған, ашпын.

Шешем құр талқан берді. Дәмсіз қара талқан. Жейін десем, тамагымнан жүрмейді...

Біздің ауылдан жоғары бір шақырымдай жерде Киікбай ауылы. Сонда қүйеуге тиген немере әкпем тұрады. Қалай келгенімді білмеймін, сол үйде қазанга қарып жапқан күйелештеу нан жеп отырмын.

Бір кезде есіктен шешем кіріп келді. Мені көріп, жылап бассалды. Неге жылайтынына түсінбеймін.

Сөйтсем, шешем мені аяқ астынан жоғалтып алған. Бүкіл ауылдан іздел таипаған. Суга ағып кеткен деп ойлап, есі қалмаған.

Бұдан аз бұрын шешем мені осында ертіп келіп, нан жегізген екен.

Тағы да киіз үй тіккен көшпелі ауыл. Күз кезі болар, жердің оты қашқан. Ауылға төрт-төрттен сап түзеген салт атты көп әскер кіріп келеді. Бастиарында шошақ төбелі шлем-буденовка. Мойындарында найзалы мылтық. Алдыңғы біреу желбіретіп қызыл ту ұстаган. Кілең шолақ, күйрық аттар.

Жұрт үйді-үйлерінің есіктерінен бастиарын шыгарып қарап қалған.

Әскер ауылдан өлеңдетіп шығып кетіп барады. Дауыстарынан жер солқылдайды.

Ауылдың қасындағы қара жолдың шаңын аспанға көтеріп, қора-қора мал айдалап өтеді. Атты-жаяу адамдар малмен бірге кетіп бара жатады. Кейі мойындарынан айқастырып тапанша, сумка салған. Айқай, шу, жылаған өйел-қыздар.

Бұл «кәмпеске».

Кешқұрым от басын айнала отырып алып, үлкендер өңгіме шертеді. Іштерінде менің әкем, ағаларым. «Жұрт колхоз болады. Бір қазаннан ас ішіп, бір көрпенің астында үйықтайды»... деген тәрізді үрейлі өңгіме айтылады.

Бай, құлақты жояды екен дейді.

Байы бай, түсінікті. Жоя берсін. Ал құлақты неге жояды? Кесе ме сонда? Түсінбеймін.

«Бәлшійбек», «социализм», «комсомол» деген тәрізді оғаштау жаңа сөздер жиңілдіктерін атап көздейді. Пәленше комсомолға жазылыпты десе, тыңдалап отыргандар үдірейісп қалады.

Біздің үйдегі бірден-бір хат танитын «оқымысты» Сатылған ағайым. Ол ұлкендігі тоқымдай-тоқымдай қарала қағаздар үстап келеді.

— Аға, бұз не?

— Кәзит.

«Кәзит» те бұл ел үшін соны зат.

Сатылған оқиды. Басқалар жапырлап құлақ түріп тыңдайды. Содан соң «кәзит олай депті», «кәзит былай депті» деп, таратып әкетеді.

Оқылған газет жыртылмайды. Үйге көрік беретін кілем орнына қабырғаға жағалата ілініп қойылады. Әр-әр жерінде адамның және бірденелердің суреттері. Мен суреттерге тамашалап қараумен болам. Мұншама ұқсас салынғанына таңырқаймын.

— Аға, кәзит қайдан келеді? — деп сұраймын.

— Алматыдан келеді, өкімет шығарады.

— Алматы жер түбі, ұлken қала екенін білем. Ал өкімет не?

— Өкімет — ол осы жұрттың бәрін билейді. Байларды қампеске жасайды. Түсіндің бе?

Мен басымды изеймін, еміс-еміс бірденелерді түсінетін тәріздімін.

Жігіт болып қалған Сатылған ағайым кішкентай ойық терезенің алдында тікесінен тік тұрып, кітап па, газет пе, бірдене оқып тұр. Қарағым, көргім келеді. Бірақ қазекен қоңілі түскен жерден оя салған терезе тым биік, бойым жетпейді. Сатылғанның о жақ, бұз жағына шығамын, көре алмаймын.

Ал бірақ коруім керек.

Сатылғанның сол жақ қасында қабырғаға сүйелген келсалп тұр. Келсалтың қасында сүйеулі шалғын тұр. Әлгінде шешем келсалты төсөніш етіп, сапсыз шалғымен тері сүргілеген. Содан соң екеуін қатар сүйеп қоя салған.

Келсаптың қол ұстайтын жері ойық. Соған аяғымның ұшын тіредім де, сатыға өрмелеген адамша созылып, көтеріле бердім. Жалаң аяқпын. Көтеріліп үлгермедім. Аяғым тайып кетті де, құлап түстім. Бір аяғымды құшақтап, зарладым да қалдым. Асыл шалғының ашы жүзі май табанымды ырситып сойып түскен.

Бұрқ ете қалған қара қан жаралы аяғымды шенгелдеп ұстап алған қолымның сыртына көл-көсір жайылып барады.

Ас үйден шешем жетіп келді. Жарага киіз күйдіріп басып жатыр. Ыстық киіз қарып өлтіріп барады.

— Шыда! Шыда! Қаны тоқтайды.

Сүмбеден әжем Бөлкө келген. «Өже, маган не әкелдің», — деп, қалта-қалтасын ақтарып жатырмын. Әжемнің қалтасында түп болмайды. Түп болатын шығар-ау, бірақ оған менің қолым оңайлықпен жетпейді. Қолтығыма дейін сұғып жіберіп іздегенде, қалта түбінен қолыма ілінбейтін нәрсе жоқ: жіп-шу, қол орамал, оймак, құрт, кәмпіт — бәрі аралас.

Кешкі уақыт. Бәріміз үйде отырмыз. Мен әжемнің мойнына асылып, мазалап ойнай бердім. Әжем көнбіс әрі иі жұмсақ. Мазаладын деп ренжімейді. Зекіріп, дауыс көтергенді білмейді. Қазандықтың алдында жайнап жатқан отты көрсетіп:

— Ана отқа түсесің, қой, — дейді.

Мен қоймаймын. Қой деген сайын ерегесіп кетем. Арт жақтан тағы да жүгіріп келіп, мойнына асыла кетем де-генде, Бөлкө әжем еңкейіп қалсын. Мен екпініммен ары асып, домалап түсейін. Жайнап жатқан қызыл шоқтың тура үстіне құладым. Отырғандар шу ете қалды. Әсіресе шешемнің дауысы ашы шығып кетті. Мен және бір домалап, шоқтың үстінен ары асып кеттім. Қазақшылап айтқанда, Құдай қаққан, еш жерім күймеген.

Шілденің ыстық күні. Әжем екеуіміз Сүмбеге, нағашым үйіне жаяу келе жатырмыз. Даланың шандауыт қара жолы. Жүргінші аз. Бойы шағын әжем аяғын тыптың-

пың тез басады. Мен енесіне ілескен құлын тәріздімін, бірсеке о жағына, бірсеке бү жағына шығамын. Зорға ілесіп келем.

Судың аргы онірі ойпат, тогайлы алқап. Одан өрі тау. Таудың аппақ басы күн нұрымен шағылып, көзді ұлтады. Әжемнен ол аппақ не екенін сұраймын. Қар дейді. Жаздығуні де қар бола ма? Болады дейді әжем. Қызық. Қалайша еріп кетпейді?

Таудан бері жазық сардала. Дала төсінде жарқырап аққан өзен. Тау өзені. Одан да өрі саржазықтың бетінде темір пештің қызуына ұқсаған жалындаған ғажайып бір толқын байқалады. Жерден будақ-будақ шығып жатқандай болады. Мен қызықтап қарап, көз алмаймын.

— Әже, анау алыстағы будақ-будақ толқын немене?

Әжем оның сағым екенін айтады.

— Сағым деген немене? Тұтін бе?

Әжем құледі. Сағымның тұтін емес екенін түсіндірген болады.

— Қасына барып, қолмен ұстаяға бола ма?

— Ақымақ неме, сағым — ол жел секілді. Желді қолмен қалай ұстамақсың?

Жауыннан соң кемпірқосақ пайда болады. Дөңнің ар жағында жап-жақын жерде тұрады. Мен қанша рет оның қасына жағын бармақ болып жүгірдім. Бірақ жете алған емеспін. Бір дөңнен ассам, және бір дөңнің ар жағына секіріп шығып, алытай беретін тәрізді. Сағым да соган ұқсас болғаны ғой. Көруін ап-айқын көресің. Ал бірақ жақындағ, қолмен ұстай алмайсың. Қызық. Бұған да менің ақылым жетпейді.

Мен шаршай бастадым.

— Апа, Сүмбе әлі алыс па?

— Бүгін Ұшқа жетіп қонамыз. Сүмбеге ертең барамыз.

— Ұш алыс па?

— Жоқ, онша алыс емес.

Мен әжемнің арқасында келе жатырмын. Аяқтарым тынығып, жетісіп қалдым.

Жолдың екі жақ жағасы биік шилер. Қияқтары желкілдеп, қау болып корінеді. Шидің арасы толы шырылдауық шегіртке. Төніректі мың құбылтып, әнге толтырады. Екі көзі маржанға ұқсаған, шекесінде екі тал қыл

мүйізі бар, ұзын сирақ, қанатты қок шегірткені көк шөлтөн айыру қын. Адам жақындаған кезде өндетеуін қоя қояды. Әбден үстінен басар болғанда, тыз етіп бір-ақ үшады. Ана-дай барып, лақтырган тасқа ұқсан торс етіп, салмақпен қонады. Сосын, сен ұзай бастағанда, тағы да сайрап жөнеледі.

Ұшта әлдекімнің жер үйінде отырмыз.

Төте оқу дейтін сөз шыққан. Ауылдың бар адамын оқуға, хат тануға шақырады. Шалдарға дейін қойындарына қағаз, қарындаш салып жүреді. Жүрт бір үйге жина-лып, сабак оқиды. Оқытушы Сатылған.

Мен есікті ақырын ашып, сығалап қараймын. Тақтаға жазылған әріптін біреуін Сатылған өзінің зіңгіттей оқушыларының бірінен: «Мынау қай әріп?» — деп, таяқшамен көрсетіп, сұрап тұр. Анау жауап бере алмайды, шатып-бұтады.

Ол қай әріп екенін мен білемін. Есікті кеңірек ашып, айқайлап айтып жіберем де, тұра кеп қашам.

Кейде Сатылған оқушыларына дәптер, қарындаш үлестіреді. Бір дәптер, жарым қарындаш маған да тиіп қалады. (Қарындаштың аздығынан екі адамға біреуін бөліп беретін). Қуанышым қойныма сыймай, үйреніп алған әріптерді шимайлап жазумен болам.

Балалық шактың ең арғы түкпірінен есімде қалған су-реттер, міне, осы тәрізді: біреуіне біреуі жалғаспайды, үзік-үзік. Мас болып немесе ұйықтап отырып көрген кино тәрізді. Басы болса, аяғы жоқ. Аяғы болса, басы жоқ. Көгендереген қозыдай уақыттың желісіне тізіп тастап, рет-ретімен баяндауга келмейді.

ҚОСТӨБЕ. «ЗАСТАП». ШЕКАРА

Қазақстан картасынан Алматыны қозіңізді жұмып тұрып тауып алатыныңызға мен дауласпаймын. Астанаға дәл барып тірелген саусағынызды енді тау сілемімен шығысқа қарай сырғытыңыз. Тоқтаңыз! Мен әңгіме етіп отыр-

ған үркөрдей шағын ауыл Қостөбе, міне, осы арада, шекараның дәл тұбінде.

Менің Қостөбем.

Менің Текесім.

Әне бір көкшіл жіптей тартылған жіңішке өзенді көрдіңіз бе? Текес сол. Белгілі Іле өзенінің басы.

Қостөбеде, негізінен, Құрмандар тұрады. Құрманның Кікбай, Найза деп аталатын екі руы. Біз Найзамыз, дұрысы Беснайза.

Беснайза екіге бөлінеді: Бейназак, Жолыш. Біз Жолышпаз.

Беснайзалар ежелден жауынгер, ұры ел болған. Рудың Беснайза атануы да тегін емес. Бір үйдің шаңырағынан сорайған бес найзаның ұшы шығып тұрыпты, содан Беснайза атанаپты деген сөз бар.

Текестің күнгей-шығыс бетінде біреуіне біреуі жалғаса біткен екі қырат-төбе тұр. «Қостөбе» деген сөз содан шыққан.

Қостөбенің тап іргесінен шекара күзететін қалашық (застава) орнады. Қазақтар «застап» дейді. Конфискациялау кезінде шекарадан ауа қашқан байлардың қора-жайлары иесіз қалған. Соларды жамап-жасқап жөндеді де, солдаттарға мекен-жай етті.

Шекарашибалардың көбі орыстар. Қазақша білмейді. Бірлі-жарым қазақ солдаттар бар, аудармашылық жасайды. Украина, белорус дейтін де ұлттар барын қараңғы халық біле қоймайды. Түсі сарының бәрін орыс деп қарайды.

Ту сонау Украинадан, ішкі Россиядан әкелінген, басқа орта, басқа жағдайда есken өрімдей жас солдаттар мұндағы тіршілікке бір дегеннен бейімделе кетпейді. Елге де, жерге де жұғымдары аз. Таулы аймақта жөн тауып жүріп-тұрудың өзі олар үшін әуелгі кездे оңайға түспейді. Сондықтан солдаттар шекарага нарядқа барып қайтқанда адаспас үшін, олар жүретін соқпақ жолдардың бойына сыргауыл ағаштар қадап, ол ағаштардың бастарына сыпырғы тәріздендіріп буган шөптер байлан қойған.

МАЛ – АДАМНЫҢ БАУЫР ЕТІ

Ауылда күнде жиналыс. Елді колективке тарту.

Салақтатып сүмка салған өкілдер келеді. Өкіл келсе, жиналыс шақырылады. Қараңғы халық аңқау бала тәрізді: кім не айтса, ауыздарын ашып тындейді. Өкіл боп келген адамды құдай көреді.

Колхоз жөнінде, болашақ омір жонінде неше алуан гу-гу әңгімелер. Колхоз болмаймын деп қашып жатқандар бар.

Қазақтың бар өмірі малмен байланысты. Мал — тамақ, мал — киім, мал — көлік, мал — отын (отқа мал тезегі жағылмай ма?), мал — баспана (киіз үйдің бар жамылғысы малдың жүнінен жасалмай ма?).

Жер-суга сыймай жататын малдан бұл кезде тамтық қалмаған...

Қазекең мал бағудың ғасырлар бойғы азабынан «құтылған».

Мал жоқ болған соң, енді әлгі аталғанның бәрі жоқ.

Жеуге тамақ болмағаннан өткен аянышты не хал бар екен?

Жоқшылық тек біздің өлкеде болмаса керек. Ішкергі Алматы, Шелек төнірегінен жанбагыс іздел, жекжат-жұрагаттарын сағалап шұбырып келіп жатқан жұрт. Тұртұстериңен кісі қорыққандай.

Қоктем. Күн қызы. Ауылдың қасындағы төбесіз ескі тамның біреуісін бір жас жігіт мекендейді. Аяқ-қолдары шелектей боп көгеріп ісіп кеткен. Қөздері қап-қара, әдемі. Оқта-текте ел қыдырып, қайыр тілейді. Өзінде жоқ ел оған не беруі мүмкін?

Жәркенттен біздің үйді мият тұтып Мұқамеди, Жұніс дейтіндер келген. Жұніс шал, Мұқамеди оның баласы. Жігіт. Әйелдерінің аттары есімде қалмаған.

Мұқамедидің мен құралпы бір ер баласы бар, аты Садық. Екеуіміз бірге ойнаймыз.

Садықтың сары резинкадан істелген мүйізатары бар (рогатка). Біз, Қостөбенің балалары, бұрын мұндайды кормегенбіз. Біздің қару-жарақ қорымызда мұндай ас-

пап бұрын-соңды болмаған. Біздің қаруларамыз: садақ, сақпан.

— Бұнымен атса, адам да өледі, — дейді Садық.

Біз сенеміз. Керемет қаруына бола басқа балалар Садықтан именеді.

Адал еттіден Жұніс, Мұқамедилерде бір кәрілеу торы ат бар. Бізде түк жоқ. Екі үйдің аяқ лау етері сол ғана. Отқа жағатын көк тал тоғайдан сонымен өкелінеді.

Ауылдың дәл қасындағы түбекшеге тұсап қойған тор ат бір күні тұсауымен Текеске түсіп, өліп қалыпты. Ішіне су толған қарнын қампityп, бірнеше адам жағаға сүйреп шығарды. Мал иелерінің сондағы боздап жылағанын көрсөніз. Шал да, Мұқамеди де, әйелдері де, тіпті кішкентай Садық та мал емес, ең бір аяулы жақын адамдары өлгендей коздерінің жасы көл болып, еңіреп жүр. Қазақта малдың қаншалық жақын екенін мен сонда білдім. Бір үйдің бүкіл ұмті-тіршілігі, күн көрісі торы ат-пен қоса өлгендей еді.

ОҚИМЫН!

Жаз кезінде өзіміз үйде барда күндізі біздің үйдің есіктері еш жабылмайды. Даладан жарық пен таза ауа кіргізіп, есік жабық болса, мұрынды дереу бітеп қалатын көп иістен жанымызды сақтап тұрады. Егер бар болып, қарынға тамақ салып алса, жан сақтаудың бүл та таптырмайтын тәсілі. Ал жоқ болса, уақасы жоқ. Адам тамақ ішпей де өмір сүре алатынын біз тәжірибеде көріп жүрген жандармыз.

Есік жабық кезде үй ішіндегі адамдар біреуін біреуі өзөр көреді. Дастанқандағы тамақты өзөр таниды. Әйнектерін кір басқан бір ғана ойық терезе үйге түсер жарықтың қас жауы.

Әлгіндей терезеде желдеткіш бола ма?

Есік жабық болса, еңсөң басылып, үйде емес, үңгірде отырғандай боласын.

Таңертенгі уақыт. Екі есіктің екеуі де ашық. Төр үйде сыз еденге төсөлген құрым киіздің үстінде төрт көзіміз түгел азанғы шайымызды ішіп отырмыз. Шай емес-ая, ақ су.

«Төрт көзге» кіретіндер: әкем Үйдірыс, шешем Әсбет, тәтем (әкемнің інісі) Смағұл, агайым Сатылған және мен.

Бір үйде бес жанбыз. Ауылдағы үлкен де емес, кішкі де емес, орташа семья.

Арық тізесі агаشتай сорайып, иегін тіреген аурушаң шешем жез шәугімнен ақ су құйып отыр. Еденге жая салған жамаулы шыт дастарқан. Дастарқанның дәл орта тузына құрсаулы қоңыржагал агащ тостағанмен қара талқан қойылған. Тостағанда бір гана агащ қасық.

Жұмыскер қасықта дамыл жоқ. Тостағанды шыр айналып, өркімнің алдына бір барады. Әр ауызға талқанды бір жеткізіп қайтады.

Әкем Үйдірыс кең өңеш, қомағай адам. Қасық оның қолына тиген кезде тостағандағы талқанның бір жамбасы үнірейіп қалады.

Науқасшаң шешем қасыққа сирек қол созады. Жұтсан, кебек жұтқандай өңешті тұтқырлап ұстап қалатын дәмсіз қара талқанды ол дені сау біздерге ұқсан қарпып жей алмайды. Мүмкін болса, бір уыс, жарым уыс ақ талқанды озіне бөлек жасап жейді. Бір түйір, жарты түйір тәтті тағылса, аузының дәмін алып, ақ суды сонымен ішеді.

Мен ішерімді бағана ішіп болғам. Сонда да дастарқан басынан тұрып кете алмай, жіпсіз байланып отырмын...

Оның сойылладай мықты себебі бар...

Кенет, ауыл қазағының дағдысымен есік қақпастан екі адам салаң етіп кіріп келді.

— Ассалоу мағалейком!

— Өлекисалам. Төрлетініздер.

Ұзынды-қысқалы екі ерекк аласа есікті денелерімен бітеп, қалбиып тұр. Оның бірі — тәпелтек бойлы жалпақ жігіт Ұзақбай — осындағы ауыл совет хатшысы. Екіншісі — дембеліше толық денелі ақсары жігіт — бейтаныс.

Ұзақбайдың қолында папкасы бар. (Мен оның папка ұстамай жүргенін көрген емеспін). Бейтаныс жігіттің де қолында кітап, қағаздары бар.

— Шайга келіңіздер, — деп, әкем мен ағаларым былай-былай сырғып, тосыннан салаң ете қалған қонақтарға төрден орын босатысып жатыр.

Папка, қағаздарын төрдегі жүктің үстіне қойды да, қонақтар отырысты. Бейтаныс жігіттің кигені қайырма